

Мектеп асханасын бракераждық комиссияның тексеру

АКТІСІ

29.09.2022 ж.

Комиссия құрамына ДТІЖО Ахметова М.Н. медбике Бөкен М.Е., ата-аналар комитетінің төрайымы Ибраева Т.К. әлеуметтік педагог Кошенова К Ж.

Тексерістің негізі: оқу жылының басына оқушыларды тамақтандыру сапасын бақылау туралы бракераждық комиссияның ережесіне сай.

Тексеріс мақсаты:

-перспективалық мәзірге күнделікті мәзір мен дайын астың сәйкестігін тексеру;

- өнімдердің сақтау мерзіміне сәйкестігін сақталуды тексеру, сертификаттарды қарау;

- асхананың дезинфекциялық сұйықтықтармен қамтамасыз етілуі, нормалардың ілінуін тексеру;

- дайын өнім салмағының нормаға сәйкестігі;

- дайын өнімнің дәмінің органолептикалық талаптарға сай болуы;

- сумен қамтамасыз ету жүйесінің сақталуы.

Тексеріс барысында комиссия анықтады:

1. Асханадағы ас мәзірі бекітілген перспективалық мәзірге сай.

2. Берілген дайын өнім күнделікті ас мәзірге сай:

3. Складтағы мен ас дайындайтын бөліктегі өнімдердің сақталуы талапқа сай.

4. Тағамның ассортименті кең, тамақтың сапасы бекітілген нормаға сай.

5. Дайын өнім мен асханаға алынатын өнімдердің сапасын асхана меңгерушісі мен медбике тексеріп, бракераж журналына енгізеді.

6. Өнімдер арнайы складтық бөліктерде сақталады.

7. Сақтау мерзімі өтіп кеткен өнімдер анықталмады.

8. Асхана мен ас дайындайтын бөлік санитарлық нормаға сәйкес дезинфекцияланады.

9. Дайын өнімді өлшеу барысында сәйкестік анықталды.

Тексеріс бойынша қорытынды:

-сынып жетекшілер ата-аналар мен оқушылар арасында дұрыс тамақтану туралы насихатты жүргізуді жалғастырылсын.

-бракераждық комиссия дайын өнімді тексеру бойынша жұмысты жалғастырылсын.

-асхананың жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

Комиссия мүшелері:

Ахметова М.Н.



Кошенова К.Ж.



Ибраева Т.К.



Бөкен М.Е

